ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 07 ақпан №іс 1513-24-00-2/4241 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шалқар аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай–Мекеме)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Мадина Асылхановна Гайниева (әрі қарай–өнім беруші)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
Тараптар қатысқан жоқ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 09 қыркүйекте Мекеме (тапсырыс беруші) мен – ЖК М.А.Гайниеваның (өнім беруші) арасында мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №24 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған.

Шарттың қосымшасына сәйкес Өнім беруші жыл соңына дейін тапсырыс берушінің тапсырмасы негізінде тәркіленген мүліктерді жою қызметін жасау міндетіне алған.

12.12.2024 жылы тапсырыс берушімен өнім берушіге алкогольдік өнімдерді жою жөнінде хат жолданды.

Өнім беруші міндеттемелерін орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 10.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Биманова Ж. Ж., 13.03.2025
1513-24-3-1/4923

20.12.2024 жылы жауапкер шартты уақтылы, тиісті дәрежеде орындамауына орай, талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Талап қоюшының өкілі азаматтық істі оның қатысуынсыз қарап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен сот отырысына қатысқан жоқ.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдар әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінің бірі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес өнім беруші мүлікті жоюды тапсырыс берушінің жұмыс тапсырмасы негізінде жүзеге асырады.

12.12.2024 жылы талап қоюшымен жаупакерге тапсырма жіберілді, адайда, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған.

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шалқар аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 10.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Биманова Ж. Ж., 13.03.2025
1513-24-3-1/4923

Жауапкер жеке кәсіпкер Мадина Асылхановна Гайниева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Мадина Асылхановна Гайниевадан мемлекет пайдасына 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 10.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Биманова Ж. Ж., 13.03.2025

1513-24-3-1/4923